

An open book with its pages fanned out, set against a soft green background. The text is overlaid on the book's pages.

Тақырыбы:
Тәрбие түрлері



ЖОСПАР

I. КІРІСПЕ

1. Тәрбие

II. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2. Тәрбие мақсаты


2.1. Тәрбие түрлері

III. ҚОРЫТЫНДЫ

Тәрбие - мақсатты түрде, адамзаттың өмір сүру барысында жинақтаған әлеуметтік тәжірибесін, ұрпақтан ұрпаққа алмастыру процесі.

Тәрбие - тұлғаны қалыптастыруға бағытталған қоғамдық орындардың (отбасы, балабақша, мектеп, қоғамдық бірлестік) балаға әсер ету процесі.





Білім мен тәрбие қашан да егіз ұғым. Білім алушы шәкірттеріміздің жан – жақты дамыған, ақыл – ойы жетік, рухани құндылықтарды қадірлей білетін, адамгершілік қасиеттермен қаруланған жеке тұлға қалыптастыру. Мектептегі оқу – тәрбие жұмысының бала тәрбиесі мен оның жан – жақты дамуына отбасы мен жанұяның, мектептің ынтымақтастығын арттыра отырып, ата – аналарға, оқушыларға оқу – тәрбие үдерісінің мазмұны мен әдістемесін таныстыру. Осы мақсатты жүзеге асыру жолында, белгіленген тәрбие мақсаттары мен қойылған міндеттерді орындау 8 бағыттан тұрады.

Патриотизм және
азаматтық тәрбие,
құқықтық тәрбие

Рухани-адамгершілік тәрбие

Дене тәрбиесі,
салауатты өмір
салты

Ұлттық тәрбие

Зияткерлік тәрбие,
Ақпараттық
мәдениет тәрбиесі

Тәрбие
бағыттары

Отбасы тәрбиесі

Көпмәдениетті және
көркем-эстетикалық
тәрбие

Еңбек экономикалық
және экологиялық тәрбие

Кешенді тәрбие бағдарламасының негізгі басымдық бағыттарының бірі азаматтық-патриоттық тәрбие

Бірінші бағыт – **Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие.** Бұл бағыттың мақсаты: Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азамат және патриот қалыптастыруға, тұлғаның саяси мәдениетін дамытуға ықпал ету, балалар мен жастардың құқықтық мәдениетін, құқықтық санасын, балалар мен жастар ортасында қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа қарсы тұру даярлығын қалыптастыру.

Азаматтық-патриоттық тәрбиені жүзеге асыру түрлері мен әдістері

Пәндік сабақтар

Үйірмелер

Ұжымдық
Шығармашылық
Істер дебат, КВН

Мектептен тыс
мекемелермен
қарым-қатынас

Атақты тұлғалармен
кездесу

Рухани –адамгершілік тәрбие

Мақсат: өз міндеттерін түсінетін және қабылдайтын; өмірді және өзін, өзінің әрекеттерін рухани- адамгершілік тәртіп нормалары көзқарасынан дұрыс бағалайтын тұтас тұлғаны тәрбиелеу; рухани- адамгершілік өзін- өзі дамыту, өзін-өзі жүзеге асыру және өзіндік жетілуі үшін өзін, өз қабілеттерін, мүмкіндіктерін тану.

Адамгершілік:

Татулық

Аяушылық

Сыйластық

Адалдық

Шыншылдық

Кішіпейілділік

Мейірімділік

Сенімділік



Рухани – адамгершілік – адамдарға деген ізгі ниеттілік, құрмет, жанашырлық пен сенім, кеңпейілділік басқалардың мүддесі үшін жан аямаушылық сияқты жеке қасиеттерді қамтиды.


Бір минутқа да күмәнданбаймын осы бір бөлмыстың барлық ежелгі сұрақтарына жауап беру үшін *жалпыадамзаттық құндылықтарды жаңғырту керек*, өзіңнің бастауыңа оралуың қажет.



С. А. Назарбаева



«ӨЗІңДІ ӨЗІң ТАНЫСАң ІСТІң БАСЫ...»



*Ш. Құдайбердіұлы
(1858-1931)*

Ол бүкіл батыс Европа, Шығыс елдері ғалымдарының, философтарының еңбектерін зерттейді және өз тұжырымын жасайды. Мысалы:

- «*Үш анық*» еңбегінде, жалпыадамзатты жаратушы бір күш бар – ол *бірінші анық*- дейді.
- Ал, рух өлмейді, жан мәңгілік - бұл *екінші анық* - деді.
- *Үшінші анық* - ар-ұждан деп, оны білімнен де, ғылымнан да, бәрінен де жоғары қояды.

**Жалпыадамзаттық құндылықтар адам бойында тумысынан болады.
Рух дегеніміз жалпыадамзаттық құндылықтардың жиынтығы.**



Үшінші бағыт – Ұлттық тәрбие

Мақсаты: Тұлғаны ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға, ана тілін және мемлекеттік тілді, қазақ халқының, Қазақстан Республикасындағы этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуге бағдарлау. Ұлттық тәрбие қазір елімізде орын алып отырған көптеген мәселелерді: ана тілін, ата тарихын, ұлттық салт-дәстүрін білмейтін жастар, тастанды жетім балалар, «қиын» балалар, қарттар үйлеріндегі әжелер мен аталар, нашақорлыққа салынған жастар, тағы басқаларды бірте-бірте жоюдың және олардың алдын алып, болдырмаудың негізгі жолы. Ұлттық тәрбие алған ұрпақ дені сау, білімді, ақылды, ұлтжанды, еңбекқор, сыпайы, кішіпейіл болып өседі. Сондықтан да ұлттық тәрбие – ел болашағы. Қазақ халқының ғасырлар тұңғышынан бері тарихымен біте қайнасып келе жатқан ұрпақ тәрбиелеудегі тәжірибелері бізге сол рухани мәдениет, этикалық, эстетикалық құндылықтарын құрайтын ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүрлер, әдеби, музыкалық, кәсіби, тұрмыстық мазмұны арқылы жетіп отыр. Ата-бабаларымыз өз тегінің шығу тарихын білуді әр азаматқа парыз деп ұққан. «Жеті атасын білмеген ер жетім», «Жеті атасын білген ұл, жеті жұрттың қамын жер» деген аталы сөз содан қалса керек. Баланың өзі шыққан тегін білуі оның азаматтық, елжандылық, отансүйгіштік қасиеттерін қалыптастырады деп есептеген. Қазіргі медицина ғылымы дәлелдегендей, жеті атаға дейін қыз алыспай қанның тазалығын, яғни ұлттың таза болуына әкеледі екен, екіншіден, қазақ ұрпағы жеті атасына дейін араласып, ынтымағы бір болсын дегеннен болса керек. Мектеп қабырғасында тәрбиеленіп жатқан жас ұрпақтарға білімді өз бетінше ізденуіне, ұлттық тәрбиені сіңіріп, оның ерекшелігін терең білуге, құрметтеуге, үйретуге тиіспіз. Қазақ халқының салт-дәстүрінің ұрпақ тәрбиесіне қосар үлесі аса зор, мәні үлкен.



Ұлттық тәлім-тәрбиенің әдіс-тәсілдері

Жақтау, санау. Айтқызу,
үйрету, үйрену. Ақыл кеңес
беру және бауду. Бақылау,
қайталау және салыстыру.
Ойындар мен жұмбақтар.
Жазу-сызу және оқыту.

Дидактикалық талап

Тәртіпті, ұқыпты болу.
Кемшілігін айту. Талап қою
және сендіру. Мақтау, мадақтау
және сендіру. Талпындыру және
жігерлендіру. Мінез-құлық пен
жас ерекшеліктерге мән беру

Әлеуметтік-этикалық
талап

Ұлттық
тәлім-тәрбиенің
әдіс-тәсілдері

Бір-бірімен мен тыйым сөздер

Керегеге керілме. Жағынды
тажиба. Шашынды жайма.
Саусақты пошайтпа.
Табадырықты баспа.
Таңдайынды қақпа. Бүйірінді
тажиба. Көзді баспа.

Тұрмыс-салттық талаптар

Үлгі-өнеге. Қызығушылығын
арттыру. Жазлау және зеку. Ұлттық
дәстүрлерді пайдалана отырып
шара қолдану. Түсіндіру. Көз
желсізу. Ар-намысын беру. Еңбегін
Ойластыру. Тапсырма беру. Еңбегін
және білімін бағалау.

ОТБАСЫ

Отбасы — бірлесіп күн көретін туыстық қатынаста тұратын адамдар тобы. Балалар тәрбиесін жүзеге асырып, басқа да қоғамдық тұрғыдан мәнді қажеттіліктерді қанағаттандыратын некелік немесе туыстық қатынастармен байланысқан адамдар тобы.

Отбасының маңызды сипаты - оның қызметі, құрылымы және динамикасы болып табылады.





Отбасы-тәрбие бастауы

баяндама

“Қашан бала ғылым-білімді махаббатпен көксерлік болса, сонда ғана оның аты Адам болады.” (А. Құнанбаев)

Баланың алғашқы тәрбие алатын орны – отбасы. Отбасында баланың мінез-құлқы, әдет дағдысы қалыптасады. Еліміздің ертеңгі ұлт тізгінін ұстар жастарымыздың тәрбиесіне аса мән беру – біздің негізгі мақсатымыз.

Тәрбие – күрделі үдеріс. «Тәрбие отбасынан басталады» деп халық даналығы бекер айтпаған. Саналы да, білімді болашағын қалыптастыру әрбір ата-ананың мерейлі міндеті, парасатты парызы. Еліміздің болашағының тізгінін ұстар тұлғаның бойына білімнің нәрін, тәрбиенің иісін сіңіруміз қажет. Ата-бабамыздан қалған ұлттық тәрбиемізге дақ түсірмеу үшін барлық қажетті жауапкершілікті ата-ана өзіне алғаны жөн, себебі бала ата-ананың өмірінің жалғасы. «Балам дейтін жұрт болмаса, жұртым дейтін бала қайдан болсын» деп өткен ғасырдың ұлы тұлғасы А.Байтұрсынұлы айтқандай, баланың болашағына толғанар ел, ойланар отбасы қалыптасса елдің болашағы зор болмақ.

Ата-аналардың оқу мен тәрбие үдерісіндегі ынтымақтастық пен бірлескен жұмысы жан-жақты болса жемісті болады.



Бесінші бағыт – еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие.

Бұл бағыттың мақсаты: Тұлғаның еңбек дағдыларын, экономикалық пікірі мен кәсіби өзін-өзі анықтауына саналы қарым-қатынасын қалыптастыру. Тұлғаның еңбек дағдыларын, экономикалық пікірі мен кәсіби өзін-өзі анықтауына саналы қарым-қатынасын қалыптастыру. Табиғатты сақтауда белсенді азаматтық ұстанымын тәрбиелеу; табиғатқа аялы қарым-қатынасын, оның байлығын еселеу ұмтылысын қалыптастыру; балалар мен жастарда экологиялық сауаттылықтың «экологиялық санасының» жоғары деңгейін, табиғат пен қоғамның эволюциясын қабылдау қабілетін дамыту және күнделікті өмірде оларды басшылыққа алуы үшін жағдай туғызу.

Экономикалық тәрбие

Кәсіби тұлға
қалыптастыру

Экономикалық іс-әрекет-
ке бейімдеу




Экономикалық
білімдерін жетілдіру

Мамандық таңдауға
ықпал ету

Экологиялық тәрбие — ол бала санасында табиғатты қорғау, аялау сезімін, экологиялық мәдениетті қалыптастыру.

Экологиялық тәрбие мақсаты – оқушыларда табиғатқа, қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауды, оны қорғауға даярлықтарын қалыптастыру. Экологиялық тәрбиенің міндеті-жас ұрпақ пен барлық тұрғындардың жоғарғы экологиялық мәдениетін бірізді дамыту;




Экологиялық тәрбие

Экологиялық
көзқарасты
қалыптастыру

Табиғат
байлықтарын
қорғау және
сақтау

Экологиялық
білімдерін
жетілдіру



Экологиялық
мәселелерді
шешуге
ықпал ету

Экологиялык тәрбие бойынша педагогтармен жүргізілетін жұмыс түрлері

Іскерлік ойын

Дөңгелек үстел

Әдістемелік кеңес

Шағын дәріс

Психологиялық жаттығулар

Тәжірибелік семинарлар

Менгеруші сағаты



Алтыншы бағыт-көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие.

Бұл бағыттың мақсаты: Білім беру ұйымдарының білім беру кеңістігін тұлғаның өзін-өзі сәйкестендіруінің көпмәдениетті ортасы ретінде құру, тұлғаның қоғамдағы жалпы-мәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, оның өнердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту. тұлғаның жалпы мәдени мінез–құлық дағдыларын қаыптастыру, тұғаның өнердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту, білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құру. Эстетикалық тәрбие дегеніміз - баланың қоғамдық өмірде, еңбекте, табиғатта көркем өнерде бар әсемдікті сезіне білуге уйрету, тәрбиелеу деген сөз. Эстетикалық тәрбие балаға қоршаған ортаның көркемдігін, адамның рухани сулулығын терең түсіндіре білу, сөйтіп оларды ойлау, қиялдау, сөйлеу қабылдау кабілетінің дамуына ықпал ету міндеттерін жүзеге асырады. Сонымен қатар жас ұрпақ әсемдікті, сулулықты түсініп одан ләззат алуға көркем өнер туралы біліммен мағлұматтармен қарулануға эстетикалық тәрбие арқылы мүмкіндік алады.

Эстетикалық тәрбие беру жүйесінде ұлттық өнердің орны ерекше:

- Лирикалық, үйелмендік, тұрмыстық, әдет-ғұрыптың, еңбектік және т.б. әндер мен өлеңдер.
- Музыкалық аспаптар: домбыра, шертер, асатаяк, шаңқобыз, мүйіз сырнай, жетіген, үскірік, т.б.
- Қолданбалы қолөнер бұйымдары: ағаш, тері, металл өңдеу өнері.
- Ауыз әдебиеті.



Бала кезде үш жасан он екі жасқа дейінгі аралықта әр адам өзінің рухани дамуына қажетті нәрсенің бәрін де ертегіден алады.

Ы.Алтынсарин

ЕРТЕГІ

Білім

Тәрбие

Ертегі – эстетикалық тәрбиенің қайнар көзі, оқушылардың психикалық қалпын, ой-өрісін, мінез-құлқын орнықтырудың басты құралдарының бірі. Оқушының келешекте көркемдік талғамының биік сатыға көтерілуін, саналы да, мәдениетті болып өсуіне игілікті әсер етеді.

Ертегі ғасырлар бойы сақталып ұрпақтан-ұрпаққа ауысып, біздің дәуірімізге жеткен. Әдетте ертегілер «Ерте, ерте, ерте де...» немесе «Баяғы заманда...» деп басталып, соңы жақсылықпен аяқталады.

Ертегі десе құлағы елең етпейтін бала жоқ. Балалар ертегіні бар ықыласымен тындап, қайталап айтудан жалықпайды.

Балаларды ертегі әлемімен таныстырған кезде, оны өмірмен байланысты басқа ертегілермен салыстыра отырып, білім берумен қатар балалардың бойына адамгершілік қасиеттерді сіңіруіміз керек.

Жетінші бағыт - зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі.

Бұл бағыттың мақсаты: әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндігін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік құру; балалар мен жастардың тұлғалық ұстанымдарын жандандыру, ақпаратпен жұмыс жасауда функционалдық дағдыларын, ақпараттық өзара әрекеттесуде этикалық нормалары мен құндылықты мақсаттарын қалыптастыру. Зияткерлік мектептердегі тәрбие жұмысының ерекшелігі- оқушылардың сыныптан тыс жұмыстары және қосымша білім беру арқылы түрлі бағытта білім және дағдыларын дамыту. Оқушылардың шығармашылық, физикалық және зияткерлік дамуы үшін оқушыларға үйірмелер мен қызығушылығын арттыратын сабақтар (спорт, көркемөнер, зияткерлік, техникалық), жаратылыстану – математикалық бағыт аясындағы ғылыми – зерттеу, білім беру ұйымдары негізінде еліміздегі және шетелдердегі сыныптан тыс және элективті курстар ұсынылады. Табысты тәрбие жұмысының негізгі шарты оқу – тәрбие үдерісіне Зияткерлік мектептің барлық қызметкерлерінің қатысуы және мектептің ата – аналарымен ынтымақтастығы болып табылады.

Назарбаев Зияткерлік мектептеріндегі білім берудің тәрбиелік мазмұны. Мақсаттары, міндеттері, құндылықтары мен күтілетін нәтижелері анықталған. Білім беру үдерісінің құндылықтары «Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеясымен сәйкестендірілген. Сондықтан да тәрбие жұмысын ұйымдастырудың басты ерекшелігі құндылықты – бағдарланған білім беру, білім беру мен тәрбиенің бірлігі, білім беру үдерісіне барлық қатысушыларды тарту, айқындылық пен ашықтық, күтілетін нәтижеге бағытталу, қоршаған әлемді тұтас елестетуді қалыптастыру, білім беру үдерісіндегі барлық қатысушылардың жауапкершілігі болып табылады. Тәрбие жұмысының негізгі бағыттары, ұйымдастыру қағидаттары, тәрбие жұмысын ұйымдастырудың басты тәсілдері жасалды.

Назарбаев Зияткерлік мектептеріндегі тәрбие жұмысының негізгі бағыттары: Патриоттық тәрбие; зияткерлік даму; адамгершілік тәрбие; еңбек; түрлі мәдени даму; дене дамуы; көшбасшылық қасиетінің дамуы.

Сегізінші бағыт - дене тәрбиесі, салауатты өмір салты.

Бұл бағыттың мақсаты: салауатты өмір салты, дене дамуы және психологиялық денсаулық сақтау дағдыларын ойдағыдай қалыптастыру, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігі үшін кеңістік орнату.

Оқушылар дене-бітімінің дұрыс дамуы, денсаулығының нығаюы, жұмыс қабілетінің артуы сыртқы ортаның қолайсыз жағдайларына қарсы тұруға ықпал етеді. Жақсы денсаулық - адамның еңбек және қоғамның іс-әрекетке жемісті қатысуының маңызды кепілі. Сабақтарда, сабақтан тыс уақытта, дене тәрбиесін күн сайын ұйымдастырып, қолайлы жағдайлар жасау қажет. П.К.Иванов - уақытты жарты ғасырға басып озған жан. Оның қарапайым әдісі - "Детка" немесе "Иванов жүйесі" деп аталады.

Оның нұсқаулары:

- өзінді жақсы сезіну үшін күніне 2 рет табиғи суға шомыл. Ыстық суға шомылсақ, суық сумен нүктесін қой;
- шомылар алдында, не шомылып жатқанда табиғат аясына шың, жалаң аяғыңмен жер бас. Ауаны аузыңмен қармап, бірнеше рет дем ал да іштей өзіңе және өзге жұртқа денсаулық тіле;
- арақ ішпе, темекі тартпа;
- аптасына кем дегенде 1 рет тамақсыз не сусыз күн кешуге тырыс;
- қоршаған ортаны сүй. Айналаға түкірме және ештеме тастама. Бұл сенің саулығың;
- денім сау болсын десен барлық адаммен сәлемдес;
- бойыңдағы жаман қылықтардан арыл. Жұртқа сен және оларды сүй;
- адамдарға әсіресе көмек сұрағандарға көмектес. Оның қажетіне бар жан-дүниенмен көмектес.
- жексенбі күні табиғатқа жалақаяң шығып, бірнеше рет тыныс ал да, ойлан;
- ауру, сырқат, өлім жөнінде ойлаудан қаш. Бұл сенің - жеңісің;
- ес пен ойды бөле қарама. Оны жүзеге асыр;
- іс жөніндегі тәжірибенді үлгі-өнеге ет. Бірақ ол үшін мақтанба да, өзінді-өзің өреден жоғары ұстама. " Ұлық болсаң-кішік бол".

Бұл қағиданың оқушының рухани жағынан тазарып, салауатты өмір сүруіне тигізетін рөлі ерекше.

Қоғамның болашағы - оқушы-жастарға ұжымдық тәрбие беруде дене тәрбиесі сабағында ұлттық ойындарды өткізудің рөлі зор. Қазақстанның ұлттық ойындарының ішінде ұжымдыққа, ауызбірлікке тәрбиелейтін ойындарды оқу-тәрбие үрдісінде тиімді пайдалануға болады.

Дене тәрбиесі – жалпы мәдениеттің бір саласы, адам денесінің дамуына, денсаулықты нығайтуға, жұмыс қабілеттілігін жоғарылатуға және ұдайы өзін-өзі, оның ішінде сыртқы дене пішінін қалыптастыруға бағытталған адамды жетілдіру жүйесі.

Салауатты өмір салты – адамдардың денсаулығын сақтап, нығайтуға, салауаттандыруға арналған мінез-құлқы тәрбиесі. Салауатты өмір салты жеке адамның тіршілік жағдайын денсаулығына сәйкес таңдауы, яғни жеке әлеуметтік топтар мен жалпы қоғамның жоғары гигиеналық мәдениеті.

Негізгі дене мәдениеті – адамдардың өз шама шарқына қарай таңдап алған кәсіби жіне спорт мамандығын жетілдіруді көзі


Спорт – түрлі жаттығулардың көмегімен жоғары жетістіктерге қол жеткізуге бағытталған өнер түрі.


Сауықтыру - дене тәрбиесі жаттығулары көмегімен денсаулықты күшейту.

Дене
мәдениеті

Қолданбалы дене мәдениеті – кәсіптік және әскери дене мәдениеті болып бөлінеді.

Гигиеналық дене мәдениеті – жаттығушылар ағзасының жұмыс істеу қабілетін арттыруға қызмет етеді.







**«Халықтың денсаулығы –
ел дамуының
аса маңызды тұтқасы,
болашағымыздың кепілі»**

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев



**Назарларыңызға
рахмет!!!**

